



# МҮРРАТ- ҚАЗАЛЫ



№37  
(2415)  
Сәрсенбі  
27 мамыр  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖАС ТҮЛЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

Биылғы оқу жылы аяқталып, мектеп бітіруші түлектердің алтын ұя білім ордасымен қоштасатын сәті де келіп жетті. Бұл күн мектеп бітіруші түлектер үшін маңызды әрі есте қалатын жарқын сәттердің бірі.

Қазалы ауданындағы мектептерде мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты шаралар өтті.

Әйтеке би кентіндегі Мұстафа Матаев атындағы №170 мектепте өткен мерекелік салтанатты кешке аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, мектеп бітіруші жас түлектерге жарқын болашақ тілеп, қуанышымен бөлісті.

-Бүгін аймағымызда 10 мыңнан аса жас түлек, ал Қазалы ауданында 1015 түлек он бір жыл бойы білім алған алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алғалы тұр. Президентіміз Қасым - Жомарт Кемелұлы «Мектеп – білім мен тәлім - тәрбиенің киелі ордасы. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет»



деген болатын. Жақында ғана Премьер-Министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы төрт жылдан астам уақыт облысымызды басқарған тұста, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен 200-ден астам әлеуметтік нысандар бой көтеріп, жаңа заманауи 45 білім беру нысандары ел игілігіне пайдалануға берілді. Қазалы ауданында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында

300 орындық заманауи мектеп пайдалануға берілді. 9 мектепке жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бірқатар білім ордалары жабдықталған кабинеттермен қамтамсыз етілді. Бұл жұмыстар еліміздің кемел келешегіне салынған ең маңызды инвестиция. Аса жауапты әрі қастерлі міндетті абыроймен атқарып жүрген барша ұстаздар қауымына Сыр жұртшылығының және облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының атынан зор ризашылығымды білдіремін.

Барша жас түлектерге қанаттарыңыз талмай, бейбіт еліміздің көгінде шарықтап, ата - аналарыңыздың үмітін ақтауларыңызға тілектеспін. Әрдайым жолдарыңыз ашық болып, арман-мақсаттарыңызға жете беріңіздер, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Салтанатты шарада мектептің ардагер ұстаздары мен ата-аналар құттықтау сөз сөйлеп, бітіруші түлектерге батасын берді. Бұдан әрі жас түлектер мектеп алаңында вальс билеп, ән шырқап, естелік суретке түсіп, ұстаздарымен қоштасты.

Дәл осындай жас түлектердің мектеп бітіру кештері аудан әкімінің орынбасарлары, кент, қала және ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен аудан мектептерінде өтті.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында ауданымызда 1015 түлек мектеп бітіргелі отыр. 943 оқушы ҰБТ-ға ағымдағы жылдың 10 мамырынан бастап - 10 шілде аралығында бақ сынауда. Биыл ауданымызда мектеп бітіретін түлектердің 99-ы «Алтын белгіге», 116-ы «Үздік аттестатқа» үміткер атанып отыр.

## ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан орталығындағы автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу, Т.Бөріқұлақов, Жетес би көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын көріп, жол құрылысының сапасын бақылады.

Аудан басшысы алдымен Әйтеке би кентіндегі «Жанқожабатыр көшесінің айналма жолын қайта жаңғырту» жобасының жүзеге асу барысын саралады. Қазіргі уақытта айналма жолдың жер тегістеу, тас төсеу, каналдарға темірбетонды плиталар орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Мердігер мекеме «Қазалы Жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналма жол құрылысын шілде айына

дейін толық аяқтауды жоспарлап отыр.

Аудан әкімі мердігер мекеменің басшысына аталған жол құрылысы кент орталығындағы Жанқожа батыр көшесінің бойындағы жол кептелісінің алдын алуға және тұрғындар қауіпсіздігіне үлкен септігін тигізетін маңызды жоба екенін жеткізіп, жоспарланған жұмыстарды сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Бүгінде аудан орталығындағы В. Счастнов, Жанқожа, Төремұрат жырау орамы және 13 көшеге ағымдағы жөндеу, Р.Сабырбаев, С.Сейфуллин, Біржан сал, Жалаңтөс батыр, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Сүлейменов көшелерінің асфальт қабатының

тозған бөліктерін жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Аудан басшысы кент көшелеріне жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын да көрді. Әйтеке би кентінің әкіміне жол сапасын күнделікті бақылап, белгіленген жұмыстарды қысқа мерзімді аяқтау керектігін ескертті.

Аудан басшысы Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентін аралағанда жол жөндеу жұмыстарымен қатар Т.Бөріқұлақов, Жетес би көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу жобасын көрді. Жобаға сәйкес, Бөріқұлақов көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолының ұзындығы 2,5 шақырымды құрап, Жетес би көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолы 1,6 шақырымға созылады. Қазіргі таңда мердігер мекемелер «Ақнұр Авто»,

«Айым алтын» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әсіресе, балалардың мектепке қауіпсіз қатынауына мүмкіндік беретін жаяу жүргіншілер жолын салу жобасының маңызына тоқталған аудан әкімі мердігерлерге жұмыстарды сапалы етіп, тезірек аяқтау жөнінде тапсырма берді.

Аудан әкімі кент көшелеріндегі санитарлық тазалық мәселесі жөнінде кент әкіміне бірқатар кемшіліктерді көрсетіп, шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА БЕЛСЕНДІ ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді үлес қосқан азаматтарды марапаттауға арналған шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі Теміржол вокзалы жанындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы саябақта өткен шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, экологиялық акция аясында ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайында әңгімеледі. Сондай-ақ, тазалық акциясына белсенді қатысып жүрген азаматтарды Алғыс хаттармен марапаттады.

-Президентіміз әрдайым: «Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы», – деп қоршаған ортамыздың тазалығы - ортақ жауапкершілігіміз екенін үнемі



айтып келеді.

Бүгінде жалпыұлттық экологиялық бағдарлама аясында ауданымыздағы саябақтар, скверлер мен аллеяларды, тұрғындар көп шоғырланатын орындарды кезең-кезеңімен абаттандыру жұмыстары атқарылып келеді. Тынымсыз еңбек еткен жерлестеріміздің арқасында ауданымыз таза әрі көркем аймаққа айналууда.

«Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, әр

елді мекеннің тазалығы, сәулетті көркі тұрғындардың жанашырлығына байланысты. Себебі, әр көшенің, әр үйдің, әр ауланың тазалығы – тұтас қала мен ауылдың айнасы.

Барша жерлестерімізді игі бастаманы өз үйінен бастап, аулалар мен көшелерде, мөлтек аудандарда жүзеге асыруға, қала, кент, ауылдарда тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырамын, – деді аудан әкімі

Алмасбек Әбілқасымұлы.

Марапаттау шарасы әрі қарай сенбілік жұмыстарына жалғасып, қазалылықтар туған жердің тазалығына атсалысты.

Ауданда жыл басынан бері «Таза Қазақстан» экологиялық тазалық акциясы аясында аудан орталығы мен елді мекендерде 50-ден астам кең ауқымды сенбілік жұмыстары атқарылды. Аудан орталығы Әйтеке би кентінде 100 дана қоқыс жәшігі сатып алынып, аудан орталығындағы көше атауы берілген азаматтардың ұрпақтарының демеушілігімен 80 дана қоқыс жәшігі алынып, тұрғын үйлерге орналастырылды. Тазалық жұмыстарының нәтижесінде жыл басынан бері 5680 тонна қоқыс жиналып, арнайы орындарға шығарылды.

Ал, тазалық шаралары аясында ауданда биыл 5500 түп ағаш көшеттері егіліп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

## «ХАЛЫҚ ӘУЕНІ» ЖОБАСЫ МӘДЕНИЕТ МЕРЕКЕСІНЕ ЕРЕКШЕ СӘН ҚОСТЫ

Қазалы ауданында Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Мәдениет және өнер» атты мерекелік салтанатты шара өтті.

Аудандық мәдениет орталығында өткен салтанатты шарада Сыр өңіріне арнайы келген Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ұжымы қазалылықтарға ерекше мерекелік кеш сыйлады. Өнер ұжымының мерекелік концерті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен, Nalyk Bank демеушілігімен жүзеге асырылып жатқан «ХАЛЫҚ ӘУЕНІ» ауқымды мәдени жобасы аясында жүзеге асты.

Кеште концерттік-гастрольдік тур аясында «Astana Musical» мемлекеттік театрының «Мюзикл әлемі» атты концерттік бағдарламасы көпшілік назарына ұсынылды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Алмасбек Есмаханов мәдениет және өнер саласының майталмандарын төл мерекелерімен құттықтап, Сыр өңіріне концерттік бағдарламамен келген өнер ұжымына сәттілік тілеп, құрмет көрсетті.

- Кез келген мемлекеттің дамуы мен өркендеу көрсеткішіне мәдениеттің қосар үлесі зор. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде «Мәдениет саласын қолдау – мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа атқарылып жатыр», – деп ел мәдениетінің дамуы жолында жасалып жатқан игі істер жайында атап өткен болатын. Жақында ғана Премьер-

Министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы төрт жылдан астам уақыт облысымызды басқарған тұста, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысандар бой көтерді. Мемлекет басшысының

беделді шығармашылық ұжым - Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ұжымы Сыр елі – жыр еліне, қазыналы Қазалы ауданына арнайы концерттік бағдарламамен келіп отыр. Қазақстан Республика-

Мерекелік іс-шарада аудан әкімі Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымына аудан жұртшылығы атынан шынайы ризашылығын білдіріп, аудан әкімінің арнайы Алғыс хаты мен сый-сияпатын табыстады. Сонымен қатар, ауданның рухани-мәдени дамуына үлес қосып жүрген бірқатар мәдениет қызметкерлерін облыс және аудан әкімінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаттарымен марапаттады. Бұдан бөлек, ауданның мәдениет саласының дамуына үлес қосып жүрген сала ардагерлері мен үздіктеріне Қазалы ауданының Құрмет грамотасы және «Қазақстанның құрметті кітапханашысы», Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек даңқы» төсбелгілері табысталды. Мерекелік кешке арнайы келген мәдениет саласының ардагерлеріне сый-сияпаттар ұсынылды.

Кеш соңында Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ресми өкілі Ержан Алданазаров аудан жұртшылығы мен жергілікті әкімдік тарапынан көрсетілген құрметке алғысын жеткізді.

Мерекелік шарада «Astana Musical» мемлекеттік театрының өнерпаздары дәстүрлі халық әндері мен әлемдік өнер жауһарларын ұштастыра отырып, түрлі жанрдағы шығармаларды орындап, қазалылық көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

**Қазалы ауданы әкімінің  
баспасөз қызметі**



Ұлттық Құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа драма театрдың, Президенттік кітапхананың құрылысы басталды. Қазалы ауданында да өңірге көрсетілген қолдаудың нәтижесінде «Руханият» орталығы ғимараты, Қазалы мәдени-демалыс кешені, Роза Бағланова атындағы 600 орындық аудандық Мәдениет орталығы, «Кәукей», «Майдакөл» ауылдарында 100 орындық жаңа ауылдық клуб салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Бүгінгі таңда ауданда мәдениет саласында 350-ге жуық қызметкерлер еңбек етіп, рухани дүние тәрбиешісіне айналып отыр. Бүгінгі айтулы мерекеге орай қазақ өнерінің қарашаңырағына айналған, ұлттық мәдениетіміздің мәртебесін көтеріп жүрген

сы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және «Қазақстан Халық банкі» демеушілігімен «Халық әуені» жобасының Мәдениет және өнер қызметкерлері күні аясында бастау алуы мәдениетке, руханиятқа деген құрметтің жарқын көрінісі екені анық. Қазақ өнерінің мәртебесін көтеріп, әсем ән мен сырлы саздан шашу шашып отырған «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы ұжымына және барша мәдениет қызметкерлеріне аудан жұртшылығы атынан шынайы ризашылығымды білдіремін. Еліміздің рухани дамуына қосып жүрген еңбектеріңіз жемісті болып, шығармашылық табыстарыңыз арта берсін, – деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер етіп қана қоймай, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетеді.

Сондықтан қоғамда заң мен тәртіп қағидатын нығайту, адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті – әрбір азаматтың заң талаптарын құрметтеуі, әділдік қағидаттарын ұстануы және кез келген заңсыз әрекетке бейжай қарамауы. Мұндай мәдениет тек мемлекеттік қызмет саласында ғана емес, жалпы халық арасында кеңінен қалыптасуы қажет. Себебі, жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан халық арасында түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Департамент қоғамда парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру бағытында бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыруда.

Атап айтқанда, департамент тарапынан мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік ұйымдарда және халықпен кездесулерде мемлекеттік қызмет әдебі, заң талаптарын сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері кеңінен түсіндірілуде. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, қоғамда адалдық құндылықтарын нығайтуға ықпал етуде.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу саласына жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында заң талаптарына сәйкес келмейтін шектеулер анықталып, оларды жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Бұл мемлекеттік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге және заң талаптарының сақталуына оң әсерін тигізді.

Бұдан бөлек, департаментпен мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет түрлері бойынша да

зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталып, мемлекеттік қызметшілерге қатысты тиісті шаралар қабылданды. Аталған жұмыстар мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыруға, қызметтік әдеп нормаларын сақтауға және мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

Департамент басшысы мемлекеттік қызметшілермен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, білім беру ұйымдарының басшыларымен және халық арасында бірқатар кездесулер өткізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін кеңінен талқылады. Кездесулерде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс орнату мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Әсіресе, білім беру ұйымдары өкілдерімен өткен кездесулерде жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын сіңірудің маңыздылығы айтылды. Себебі,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен тәрбие мен саналы көзқарас арқылы қалыптасады.

Бүгінде қоғамда адалдық идеологиясын нығайту, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табууда.

Осы бағытта жыл басынан бері 200-ден аса түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Әділдік пен ашықтық қағидаттары орныққан қоғамда ғана тұрақты даму мен сенім қалыптасады.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – баршаға ортақ міндет.

Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық қағидаттарын өмірлік ұстанымына айналдырған жағдайда ғана әділетті әрі дамыған қоғам қалыптасады. Адал қоғам – ел болашағының берік негізі.

**Жанар ҚОЗБАҒАРОВА,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Мемлекеттік қызмет істері**  
**агенттігінің**  
**Қызылорда облысы бойынша**  
**департаменті**  
**сыбайлас жемқорлықтың**  
**алдын алу басқармасының**  
**бас маманы**

### «Аудандық экономика және қаржы бөлімі» КММ-і мекемесі басшысының және орынбасарының жеке қабылдау кестесі

Аты – жөні, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны, мекен – жайы	Байланыс телефоны
Жарылқап Бахытжан Дүзелбайұлы	Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы	Бейсенбі жергілікті уақыт бойынша сағат: 16:00-18:00	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №131	79-2-80 (69-30)
Аймағамбет Нұрдәулет Қалмырзаұлы	Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары	Жұма жергілікті уақыт бойынша сағат: 16:00-18:00	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №131	79-2-80 (69-10)

## ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Тұрғын үй қорларында өрттің негізгі шығу себептері мынадай: отпен байқамай әрекет қылу (темеки шегу, от жағу және тағы басқа); -электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электр жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау а п п а р а т т а р ы н ы ң жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу); пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да



жылыту аспаптарын және өртті анықтаған пайдалану кезінде өрт жағдайдағы іс-әрекет: «101» телефонына, өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден), ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар

мен бағалы заттарды алыңыз; өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарау. 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану; -үй және құрылыс

аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек; -әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа сақ болыңыздар!

**Қазалы ауданы**  
**Төтенше жағдайлар**  
**бөлімі**

**«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты мен күні	Қабылдау орны, мекен-жайы	Байланыс телефоны
Алиев Жәнібек Алмасұлы	Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы	Сәрсенбі, жұма күндері сағат 15.00 ден - 18.00-ге дейін	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №130	79-2-80 (6920)

**Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының жеке қабылдау кестесі**

Аты – жөні,	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны, мекен –жайы	Байланыс телефоны
Жамшейтов Орысбек Қаниұлы	Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы	Жұма жергілікті уақыт бойынша сағат:17:00 ден-19:00 ге дейін	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №1 А	23-8-16

●Хабарландыру

2026 жылғы 29 мамыр күні сағат 11:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс 57 сессиясы шақырылады.

Сессияның күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы XL, VIII сессиясының №512 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады.

Сонымен қатар, сағат 10:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

**Қазалы аудандық мәслихатының аппараты**

●Маманның кеңесі

**ЖҰҚПАЛЫ ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

Жұқпалы жіті ішек инфекциясы бірінші кезекте ас қорыту жолын зақымдайтын жұқпалы аурулардың тобы. Оның пайда болуына негізінен микроағзалардың бактерия, вирус сынды түрлері себеп. Жұқпалы жіті ішек инфекциясының тобына дизентерия, іш сүзегі, «А», «В» паратифтері, тағамдық токсикоинфекция, сальмонеллез, гастроэнтериттер жатады.

Инфекция көзі науқас адам немесе жіті ішек инфекция қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Айналадағы адамдар үшін, әсіресе, аурудың жеңіл, анық байқалмайтын және симптомсыз түрлеріне шалдыққандар өте қауіпті. Микробтар науқастардан және тасымалдаушылардан нәжіс, құсық және зәр арқылы сыртқы ортаға бөлінеді. Жіті ішек инфекцияларын қабылдағыштығы өте жоғары болғандықтан, ересек адамдар мен балалар, әсіресе, 1 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ауруға жиі шалдығады.

Ауру негізінен нәжіс арқылы, тамақ, су және ортақ тұрмыстық бұйымдарды қолдану арқылы жұғады. Қоздырғыштың ағзаға түскен кезінен бастап ауру

белгілері пайда болғанға дейін бірнеше сағаттан 7 күнге дейін уақыт өтеді. Инфекция жұқтырғаннан кейін иммунитет 3-4 айдан 1 жылға дейін тұрақсыз болады. Осыған байланысты, аурудың қайталануы әбден мүмкін.

Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады, Жіті ішек инфекцияларын таратуда шыбындар үлкен роль атқарады. Сондай-ақ, антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамау, санитарлық ережелерді сақтамай дайындалған тамақ өнімдерін пайдалану да жіті ішек инфекцияларын жұқтыруға себеп.

Аурудың алғашқы белгілері:

Іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, баланың ана сүтінен бас тартуы, асқа тәбетінің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауруы, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Қайталамалы құсық, іш өткен сайын науқастың жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады.

Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек.

Өздігінше емделу аурудың асқынуына әкеліп соғуы немесе созылмалы формаларына ұласуы мүмкін.

Жұқпалы жіті ішек инфекциясының алдын алу шаралары:

-Жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақ ішердің алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

-Су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;

-Пайдаланудың алдында жеміс пен көкөністі жақсылап жуып, қайнаған сумен шаю;

-Тамаққа термиялық өңдеуден өткен өнімдерді пайдалану. Тамақты ұзақ, тіпті тоңазытқыштың өзінде ұзақ сақтамау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау, тағамның бетін ашық қалдырмау;

-Шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке ас үй жабдықтарын (пышақ және кесу тақтайлары) қолдану. Шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау;

- Азық-түліктің сапасына (дәміне, иісіне және сыртқы қалпына), консервілердің

жарамдылық мерзіміне назар аудару, ісінген (бомбаждалған) болса пайдаланбау;

-Тек арнайы белгіленген орындарда ғана шомылу. Су қоймаларында және бассейндерде шомылған кезде ауызға судың кетпеуін қадағалау;

-Үйді, ауланы таза ұстау. Ауру тасымалдаушысы -шыбындарға қарсы есік-терезелерді торлау, әртүрлі дәрілерді пайдалана отырып, оларды жою;

-Қосымша тамақ берілетін нәрестелерге ас дайындау кезінде олардың аналарымен тиісті ережелердің қатаң сақталып, бала емізіп отырған аналардың өз тамақтану дағдысына мұқият болу;

Жоғарыда аталған жалпыға мәлім қарапайым ережелерді сақтай отырып, өзіңізді, жақындарыңызды және балаларыңызды жұқпалы жіті ішек инфекциясынан қорғай алатыныңызды естен шығармаңыз!

**С.ШҮКІРӘЛИЕВА,  
Қазалы аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

**Редакция мен баспахананың мекен-жайы:** 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

**Телефондар:** директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: [tooturankazaly@bk.ru](mailto:tooturankazaly@bk.ru)

Таралымы 11507 дана.